

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның
«Сақтандыруға өтінішті қабылдау, оны
талдау және қаралу, бұрын мақұлданған
сақтандыру шарттарын өзгертуге өтінішті
қабылдау» бизнес-процесіне
3-косымша

**Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға
(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚ)
туралы заңнамасына сәйкес Клиентті тиісінше тексеру үшін қажетті
құжаттардың тізбесі**

- 1. Клиенттің сауданамасы - тұпнұсқа;**
- 2. жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент - жеке тұлғалары үшін:**
 - 1) жеке басын куәландыратын құжат;
 - 2) уәкілетті орган берген мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын құжат;
- 3. Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары мен бейрезиденттері және олардың оқшауланған болімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін:**
 - 1) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжат (-тар);
 - 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;
 - 3) құрылтай құжаттары және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме;
 - 4) заңды тұлғаның құрылтайшыларының (қатысушыларының) жеке басын куәландыратын не мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар (акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ қатысушылар тізілімін жүргізуі бірыңғай тіркеуші жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшыларының (қатысушыларының) құжаттарын қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлердің (қатысушылардың) тізілімінен үзінді көшірме негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда);
 - 5) лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) клиенттің атынан сенімхатсыз іс-эрекет жасауга, оның ішінде заңды тұлғаның ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауга арналған құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар;
 - 6) заңды тұлғалардың өзге де нысандарындағы филиалдар мен өкілдіктер үшін - Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхат;
 - 7) заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын куәландыратын құжат;
 - 8) рұқсат (егер клиенттің қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылса);
 - 9) Жарғы, жарғыға өзгерістер мен толықтырулар (егер өзгерістер мен толықтырулар жеке құжат түрінде болса);
 - 10) Құрылтай шартты (егер ЖШС қатысушылары екі және одан да көп тұлға болып табылса және серіктестікте тәуелсіз тіркеушіде қатысушылардың тізілімі жүргізілмесе);
 - 11) Құрылтай құжаттарына соңғы енгізілген өзгерістер туралы анықтама;
 - 12) Тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;

13) Занды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтама;

4. егер клиенттің атынан оның өкілі (занды тұлғаның лауазымды адамдарын қоспағанда) әрекет етсе:

Казақстан Республикасының резиденті - клиенттің өкілдері үшін:

1) жеке басын күэландыратын құжат;

2) клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растьайтын құжаттар;

Казақстан Республикасының бейрезиденті - клиенттің өкілдері үшін:

1) жеке басын күэландыратын құжат;

2) клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растьайтын құжаттар;

3) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бейрезидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелуін күэландыратын құжат.

Осы тізбе бойынша құжаттарды Клиент көшірмелерде не түпнұсқада, не құжаттардың нотариалды күэландырылған көшірмелерінде, не апостиль қойылып немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген заңдастырылған тәртіппен құжаттардың көшірмелерінде ұсынуы мүмкін.

Осы тізбе бойынша құжаттар көшірмелерде ұсынылған жағдайда, Сақтандыру департаментінің жұмыскері қабылдау кезінде құжаттарды салыстырып тексереді және салыстырып тексеру туралы белгі қояды («салыстырып тексерілді», күні және аты-жөні толық жазылған қолы).

Қажет болған жағдайда осы тізбеде көрсетілмеген қосымша құжаттар сұратылуы мүмкін.